

Өнеркәсіп саласындағы тексеру парағын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1161 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 789 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12795 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 231 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 48 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 07.04.2023 № 231 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 12.04.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған өнеркәсіп саласындағы тексеру парағы бекітілсін.
2. "Өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік аясында тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 139 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 126/ОД бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9517 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

_____ А. Рау

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі

_____ Е. Досаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің төрағасы

_____ С. Айтпаева

2015 жылғы 25 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы
4 желтоқсандағы № 1161 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 789 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

Өнеркәсіп саласындағы тексеру парағы

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 16.11.2018 № 799 және ҚР Ұлттық экономика министрінің

19.11.2018 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану қызметіне қатысты

(бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы)

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді/ профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жерінің мекенжайы

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың				

	технологиялық регламентінің болуы				
2	Жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірін ((орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін, егер өзге заңды негіздер болса; шарт жасасылған ұйымның атауын қамтитын, мәлімденген кіші қызмет түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздердегі өндірістік базаның ((ғимарат, үй-жайлар) болуы				
3	Қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; к е н орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу бойынша тарату жұмыстарын				

	жүргізу үшін - инженерлік құрылғылар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, ө л ш е у жабдықтары ж ә н е бақыланатын технологиялық процестің болуы				
4	Пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін: 1) жарылғыш қажетті заттарды сақтайтын қоймалары бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт немесе лицензия ; 2) ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогының болуы				
5	Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу, ұңғымалар көтергішін орнату үшін; ұңғымаларды жөндеуден кейін сы на у ; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін -				

	тиісті технологиялық жабдықтардың болуы				
6	Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде х и м и я өндірістерін пайдалану үшін: 1) тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өңдеу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді , жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар ; 2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың болуы				
	Мыналарды: 1) машиналарды , тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға				

7	техникалық қызмет көрсетуді; 2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық бақылауды; 4) маркшейдерлік жұмыстарды (" х и м и я өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылмайды) ; 5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын (тау-кен өндірісінің қызметтерінің кіші түрлеріне қолданылмайды) қорғауды қамтамасыз етуді; 6) қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы				
	Тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық,				

8	мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланаты н қызметтің кіші түрі бойынша кемінде үш жыл практикалық тәжірибесінің болуы				
---	---	--	--	--	--

Лауазымды адам (адамдар) _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Бақылау
субъектісінің басшысы _____
(лауазымы) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))